

**Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17318 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
 Қаржы министрі  
 \_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов  
 2018 жылғы 30 шілде

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
 экономика министрінің  
 2018 жылғы 1 тамыздағы  
 № 5 бұйрығымен  
 бекітілді

**Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері**

мың теңге

р/р №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің , оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті					
		2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл	
		ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті
1	Ақмола облысы	33 467 948	31 133 157	33 902 690	31 567 899	33 758 937	31 424 146
2	Ақтөбе облысы	31 999 541	15 599 541	31 719 868	15 319 868	32 368 550	15 968 550
3	Алматы облысы	64 847 582	55 089 269	63 657 927	53 899 614	66 459 762	56 701 449
4	Атырау облысы	41 736 036	37 957 445	43 146 072	39 367 481	52 009 348	48 230 757
5	Шығыс Қазақстан облысы	52 827 112	45 951 733	52 362 420	45 487 041	53 630 564	46 755 185
6	Жамбыл облысы	41 731 903	35 428 703	41 575 602	35 272 402	42 762 429	36 459 229
7	Батыс Қазақстан облысы	23 622 209	23 622 209	24 445 572	24 445 572	27 110 955	27 110 955
8	Қарағанды облысы	48 102 660	48 102 660	48 206 671	48 206 671	49 084 811	49 084 811
9	Қостанай облысы	34 362 605	22 431 405	34 507 611	22 576 411	35 617 424	23 686 224
10	Қызылорда облысы	37 056 001	34 483 621	36 402 390	33 830 010	35 989 173	33 416 793
11	Маңғыстау облысы	27 679 027	25 543 087	30 043 530	27 907 590	28 540 622	26 404 682

12	Павлодар облысы	31 226 457	23 041 182	30 974 376	22 789 101	31 414 996	23 229 721
13	Солтүстік Қазақстан облысы	27 271 733	23 876 914	26 661 750	23 266 931	27 109 601	23 714 782
14	Түркістан облысы	87 052 491	38 710 833	88 017 128	39 675 470	88 446 984	40 105 326
15	Алматы қаласы	187 207 006	181 451 300	203 278 656	197 522 950	210 064 337	204 308 631
16	Астана қаласы	121 276 799	88 093 294	131 938 100	98 754 595	131 237 256	98 053 751
17	Шымкент қаласы	46 074 355	46 074 355	42 013 717	42 013 717	44 486 026	44 486 026
	Жиыны:	937 541 467	776 590 710	962 854 080	801 903 323	990 091 773	829 141 016

Ескертпе: аббервиатуралардың толық жазылуы:

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК